

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғаппарова Ұ. Б. Қазақтың ұлттық киімдері: оқу құралы. - Алматы: Өнер, 2010. - 240 б.
2. Тәттібаева А. Қ. Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері - Алматы: Санат, 2005. - 304 б.
3. Арғынбаев Х. А. Қазақтың отбасы және неке дәстүрлері - Алматы: Ғылым, 1996. - 256 б.
4. Жәнібеков Ө. С. Қазақ киімдерінің тарихы. - Алматы: Өнер, 1982. - 184 б.
5. Мұқанова Р. Е. Қазақ этнографиясы: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2013. - 328 б.
6. Сейітұлы Е. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Атамұра, 2007.-224б.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ: ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Қажитұлы С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А

Астана халықаралық университеті

Kazietovvsamgar@gmail.com

Астана қ.

Кез келген өңірдің өзіндік табиғи болмысы болады, ал географиялық айрықша белгілер сол өлкенің даралығын айқындайды. Жер бедері, тау мен жота, өзен мен көл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі бәрі белгілі бір аймақтың болмысын танытатын табиғи қазына. Осындай нысандардың ішінде өзен мен көлдердің орны ерекше. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ даласының әрбір сай-саласы, қырқасы мен бұлағы ата-бабалар өмір сүрген ортаның тарихын сақтаған кеңістік. Табиғи атаулар сол аймақты мекендеген халықтың өмір салты мен дүниетанымын бейнелейтін маңызды таңбалық жүйе ретінде де танылады. Қазақ топырағында ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасқан көптеген өзен-көл атаулары бар. Халық суды тіршілік көзінің басты нышаны санап, оны қасиетті, тіпті киелі құбылыс ретінде бағалаған. Сондықтан әрбір су нысанының аты белгілі бір мағынаға ие болып, табиғи ерекшелікке, судың түсіне, дәміне, ағысына немесе қоршаған ортаға қатысты сипаттама береді. «Сарысу», «Қарасу», «Талас», «Шу» сияқты атаулардың астарында географиялық мазмұнмен бірге этномәдени деректер де сақталған. Су атаулары халықтың шаруашылығы, қоныс жүйесі және экологиялық жағдайы жөнінде құнды ақпарат жеткізеді. Бұл үрдіс халық ауыз әдебиеті мен жазба поэзияда да өз жалғасын тапқан. Табиғатты жырлаған қазақ ақындарының ішінде Ілияс Жансүгіровтің орны ерекше. Оның «Жетісу суреттері» топтамасындағы немесе «Күй», «Күйші», «Мақпал», «Исатай» сияқты шығармаларындағы гидронимдер туған жердің көркем бейнесін ғана емес, ұлттық сезім мен табиғатқа деген құрметті айқын көрсетеді. Ақын қолданған су атаулары көркемдік деталь ретінде мәтіннің әсерін күшейтіп, тарихи-танымдық мазмұнды тереңдетеді. Мұндай атаулар арқылы белгілі бір кезеңдегі табиғи орта, жер бедері, халықтың тұрмыс салты жөнінде де маңызды ақпарат алуға болады. Гидронимдердің ғылыми тұрғыдан зерттелуі олардың тек тілдік бірлік емес, кешенді мәдени-тарихи феномен екенін дәлелдейді. Су атаулары бір жағынан географиялық бағдар беру қызметін атқарса, екінші жағынан белгілі бір аймақтың мәдени жадын сақтайтын символдық белгіге айналады. Әсіресе Жетісу секілді табиғаты бай өңірлердегі өзен-көл атаулары ғасырлар бойы қалыптасқан этникалық үрдістерді, көші-қон жолдарын, шаруашылық дәстүрлерді және экологиялық өзгерістерді көрсетуімен құнды. Халық тұрмысында кең қолданылған су нысандарына қатысты түсініктер, аңыздар, наным-сенімдер гидронимдер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол себепті гидронимдердің мағынасы мен этимологиясын анықтау тек тіл білімінің емес, тарих, этнография, география сияқты салалардың да ортақ міндетіне жатады. Әрбір өзеннің немесе көлдің атауы белгілі бір кезеңнің мәдени ізін сақтаған уақыт куәгері. Сондықтан су атауларын жүйелі түрде жинақтап, олардың семантикалық, тарихи және мәдени мазмұнын талдау қазақ ономастикасының маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, табиғи атауларды жүйелеу мен олардың тарихи деректерімен салыстыра талдау өңірдің өткенін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Гидронимдер аймақтық ерекшелікті ғана емес, халықтың рухани мұрасының да айнасы болып табылады. Сондықтан мұндай атауларды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу ұлттық танымды байытуға қызмет етеді. Бұл жұмыс болашақ зерттеулерге негіз болады. Ілияс Жансүгіров поэзиясында Жетісу аймағының табиғи кеңістігі ерекше көркемдік-танымдық қызмет атқарады. Ақынның шығармаларында кездесетін гидронимдер тек географиялық атаулар ғана емес, сонымен бірге өңірдің тарихи болмысын, этномәдени мазмұнын бейнелейтін маңызды тілдік дерек көзі болып табылады. Мәселен, «Жетісу суреттері» өлеңінде Күркілдек, Лепсі, Іле, Шу, Балқаш, Шелек, Шаған, Қаратал сияқты атаулар жиі көрініс береді; ал «Күй»

поэмасында Балқаш, Сыр, Амудария, «Күйші» поэмасында Еділ, Жайық, Сыр, Балқаш, «Мақпал» поэмасында Іле, Қас, Күнес, Текес, Түп тәрізді атаулар орын алған; «Исатай» поэмасында Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл секілді тарихи географиялық объектілер аталады [4,204-б.]. Күркілдек атауы Ескелді өңіріндегі өзенге қатысты қолданылған. Өзеннің аты оның қатты сарқырап ағатын табиғи дыбысына байланысты қойылғаны көрсетіледі [3,85-б.]. Лепсі атауының этимологиясы көне түркі тіліндегі «сай, өзен» мәнін беретін лаба/лапа сөздеріне барып тіреледі, ал соңғы сыңардағы сі - «су» сөзінің фонетикалық өзгерген нұсқасы. Сол сияқты Шаған гидронимін Ғ.Қоңқашбаев моңғол тіліндегі цаган - «ақ» сөзімен байланыстырады [3,85-б.].

Қаратал атауы жағасында өскен қалың тал тоғайымен түсіндіріледі [4, 204-б.]. Іле атауы жөнінде түркі және қалмақ тілдерімен байланысты түрлі болжамдар бар: кей зерттеулерде ол қалмақ тіліндегі «жарқыраған» мағынасындағы иле сөзімен сәйкес келсе, М.Қашғари деректерінде дарияның көне түркілерге ертеден белгілі болғаны айтылады [5,217-б.]. Шу сөзі түркі, тибет және қытай тілдерінде «өзен» мағынасында қолданылады [6, 619-б.]. Шелек атауы «шел» және «ек» морфемаларынан жасалған, мұндағы «шел» көне түркі тіліндегі «бастау, қайнар» ұғымымен сабақтас [5, 195-б.]. Ақын шығармаларында Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл тәрізді өзен атаулары да тарихи кеңістікпен байланысты көрініс табады [4, 395-б.]. Сонымен қатар Текес атауы өзеннің ерекше батыстан шығысқа қарай ағу сипатымен түсіндіріледі [6,186-б.]. Жансүгіров қолданған гидронимдік апеллативтердің бірі «су». Бұл термин көне түркі sub/sug/suw тұлғаларынан тарайды [10,742-б.]. Ақсу атауы да осы негізбен байланысты түсіндіріледі [9,11-б.]. Көксу мен Иірсу атауларындағы «көк», «иір» компоненттері өзен суының түсі мен ағысының табиғи сипаттарын білдіреді [10,363-б.]. Бұлақ сөзі тува, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде ортақ қолданылып, тау бастауынан шығатын шағын су көзін білдіреді (10, 152-б.). Ал көл термині түркі тілдерінің барлығында ортақ ұғым ретінде «тұйық су алабы» мағынасын береді [10, 410-б.]. Мысалы, Ыстықкөл, Тұзкөл атаулары ақын шығармаларында табиғи ерекшелікті сипаттайтын элемент ретінде көрінеді [7, 194-б.]. Жалпы, І.Жансүгіров поэзиясындағы гидронимдер табиғат көрінісін бейнелеумен шектелмей, халықтың дүниетанымы мен тарихи жадының маңызды белгісіне айналған.

Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы гидронимдер Жетісу өңірінің табиғи келбеті мен тарихи-мәдени болмысын танытатын ерекше тілдік құбылыс. Ақын қолданған Күркілдек, Лепсі, Іле, Шу, Қаратал, Шелек, Шаған, Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл, Текес сияқты су атаулары ұлттық топонимиялық қордың құрамдас бөлігі болумен бірге, қазақ халқының дүниетанымын, табиғатты қабылдау ерекшелігін және тарихи жадын сақтаған маңызды лингвистикалық бірліктер ретінде көрінеді. Зерттеу барысында бұл гидронимдердің көпшілігі көне түркі, моңғол және басқа да тілдердің лексикалық қабаттарымен генетикалық және семантикалық байланыста екені анықталды. Су аттарының өзеннің түсі, ағысы, табиғи сипаты, тау мен жотамен байланысы сияқты ерекшеліктерді көрсететіні дәлелденді. Сонымен қатар, «су», «көл», «бұлақ», «көк», «иір» секілді апеллативтердің барша түркі тілдеріне ортақ сипатта қолданылуы олардың тарихи тереңдігін және географиялық ортаға бейімделген тұрақты ұғымдар екенін көрсетеді. І.Жансүгіров шығармаларындағы гидронимдер тек көркемдік тәсіл немесе пейзаждық деталь ғана емес, белгілі бір аймақтың географиялық, этномәдени және тарихи контекстін ашатын символдық-танымдық элементтер ретінде қолданылады. Осы топонимдер арқылы ақын туған жерінің әсем табиғатын ғана емес, сол өлкеге тән халықтың өткен өмірін, әдет-ғұрыптық ұғымдарын, табиғатқа құрметін көркем тілмен жеткізеді. Жүргізілген талдау нәтижелері қазақ поэзиясындағы гидронимдердің тілдік табиғатын тану тек әдебиеттану үшін емес, ономастика, этнолингвистика, география, мәдениеттану сияқты салалар үшін де өзекті екенін көрсетіп отыр. Су атауларын ғылыми тұрғыдан жүйелеу ұлттық топонимиялық мұраны сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі.

Осылайша, Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы гидронимдер табиғат пен тарихты, тіл мен мәдениетті бір арнада тоғыстыратын күрделі әрі құнды лингвистикалық-мәдени дерек көзі. Олар Жетісу өңірінің рухани және географиялық келбетін тұтас сипатта бейнелеп, қазақтың табиғи кеңістікке қатысты дүниетанымын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пангереев А.Ш. Жер - су атауларының поэтикасы. - Ақтөбе, 1996. - 114 б.
2. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. В 3-х томах. - М., 1959.
3. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. - Алма-Ата, 1963.
4. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы, - Алматы: Қазығұрт, 2004. -Бірінші том: Өлеңдері. - 432 б.
5. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.

6. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. - М., 1984.
7. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. - Алматы: Арыс, 2005. - 256 б.
8. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы, 3 том. - Алматы: Қазығұрт, 2004.
9. Қасенов Е.С. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК, 2011.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б. 11 Нұржекеев Б.Өзендер өрнектеген өлке. - Алматы: Жалын, 1987. - 228 б.

1822 ЖЫЛҒЫ М.М. СПЕРАНСКИЙ РЕФОРМАСЫ: ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТАЛПЫНЫСЫ

Қайнар А.С

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
kainarova.aiym@mail.ru
Қарағанды қ.

Патша үкіметінің қазақ даласының саяси мәртебесін түбегейлі қайта қалыптастыруға бағытталған маңызды шараларының бірі - XIX ғасырдың 20-жылдары Орта және Кіші жүз аумақтарында жүзеге асырылған басқару реформалары болды. Бұл өзгерістер аймақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси өркендеуіне айтарлықтай әсер етті. Реформалардың пайда болуына XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ахуал түрткі болған еді. Қазақтардың Е.Пугачев жетекшілік еткен шаруалар көтерілісіне және С.Датов бастаған қозғалысқа қатысуы хандық биліктің әлсіздігін айқын көрсетіп, өзгерістердің қажет екенін дәлелдеді. Қазақ қоғамында халық сайлаған хандардың жүргізген саясаты үнемі қолдау таппай, кей кездері наразы топтардың бой көрсетуі де байқалды. Мысалы, 1795 жылы бірқатар сұлтандар мен билер Уәли ханды тақтан тайдыру жөнінде императрица Екатерина II-ге өтініш жолдаған. Абылай хан дүниеден өткеннен кейін Орта жүзде билікке алдымен Уәли хан, кейінірек патша әкімшілігі бекіткен Бөкей хан келді. Ресейдің мұндай ұстанымы хандық институттың әлсіреуіне және оның беделінің төмендеуіне әдейі бағытталған саясат болатын. Қазақ даласындағы қосөкіметтік жағдай 1817 жылы Бөкей ханның, ал 1819 жылы Уәли ханның қайтыс болуымен тоқтады. Осы екі хан дүниеден өткеннен соң Ресей билігі Орта жүздегі хандық басқару жүйесін толық жою жөнінде түпкілікті шешім қабылдады [1].

Алғашқы Сібір комитетінің құрылуы, «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» пайда болуы патша сарайындағы ықпалды мемлекет қайраткері, реформатор Михаил Михайлович Сперанскийдің есімімен тығыз байланысты. 1812 жылы бұрынғы қызметінен кеткен Сперанскийге Александр I 1819 жылдың 22 наурызында Ресей империясының ұлан - ғайыр аумағын қамтитын Сібір генерал-губернаторы қызметін тапсыру туралы жарлық шығарады. М.М. Сперанский Сібірдің табиғи байлығын тиімді пайдаланып, империяның отарлау саясатын күшейтуді мақсат тұтты және бұл бағыттағы қызметі қысқа уақыттың ішінде-ақ үлкен беделге ие болды. 1820 жылдың басында Сперанский өзінің атқарған міндеттері туралы есеп бере отырып, патшаға «Сібірде істейтін түк қалмады, оны басқару мүмкін емес, мұндай аймаққа басқа тәртіп пен басқа адамдар қажет» деген мазмұндағы хабарлама жібереді. Ол Тобольск, Томск және Иркутск өңірлерін қамтитын Сібір аумағы мен қазақ даласын түбегейлі реформаламайынша, Ресей капитализмі үшін қажетті экономикалық табысқа қол жеткізу мүмкін емес деп қорытынды жасайды. Осы мақсатпен 1819 жылы Азия департаментінің құрамында қазақ даласына қатысты саяси-экономикалық мәселелермен арнайы айналысатын Азиялық комитет атты ерекше мекеме құрылады. Комитеттің тапсырмасына сәйкес, сол кезеңге дейінгі орыс - қазақ байланыстарын нақты зерттеу үшін Сперанский 1819 жылы Солтүстік - Шығыс Қазақстанға сапар шегеді. Қазақ қоғамының тыныс - тіршілігімен таныса келе, ол қызына жазған хатында жергілікті халықты «жабайы» жұрт деп сипаттайды. Сонымен бірге өзінің рөлін асыра бағалап: «Мен Сібірдің шынайы саяси мәселесін аштым, бұл тұрғыда менімен тек Ермак қана теңесе алады» деп жазады [2, 121 б.]. Ермак - Көшім хан басқарған Сібір хандығына басқыншылық жорық жасаған казак атаманы. Осы салыстырудың өзі Сперанскийдің отаршыл көзқарастағы ресейлік шенеуніктердің қатарына жататынын айқын көрсетеді.

А.А. Аракчеевтің тікелей қолдауына сүйенген М.М. Сперанский Сібір комитеті арқылы өзінің реформалық бастамаларын жылдам іске асыруға мүмкіндік алды. Оның қайта құру бағытындағы қызметі бірнеше маңызды құжаттарда көрініс тапты. 1822 жылдың 22 шілдесінде патша 4019